

**«Кітапханатану» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «03220100 Кітапхана ісі» мамандығы **4S03220101 Кітапханашы** біліктілігіне арналған «Кітапханатану» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Кітапханалар және олардың әлеуметтік қызметі	01	Әлемнің көне кітапханалары Қазақстандағы кітапханалар жүйесі Кітапхана типтері мен түрлері Халықаралық кітапханалық-библиографиялық ынтымақтастық
02	Пайдаланушыларға қызмет көрсету нысандары	02	Кітапхана абонементі Кітапхананың оқу залы Виртуалды (электронды) кітапханалық қызмет көрсету
03	Кітапханада пайдаланушылардың қызығушылығын зерттеу	03	Оқырман формулярына талдау. Кітапхана пайдаланушыларының қызығушылығы бойынша жұмыс
04	Кітапхана пайдаланушыларына жекелей қызмет көрсету	04	Оқырмандарға жекелей кітапханалық қызмет көрсету
05	Кітапхананың көпшілік жұмысы	05	Көпшілік жұмыстың түрлері Кітап көрмелерінің түрлері Кітапханалық кеш Әдістемелік жұмыс
06	Ерекше оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету	06	Ерекше оқырмандарға қызмет көрсету
07	Кітапхана жұмысын ұйымдастыру	07	Кітапхана жұмысын жоспарлау Кітапхананың есебін жүргізу Кітапханалық менеджмент Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйелер (АКАЖ)
Мәнмәтіндік тапсырмалар (тест, таблица, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Кітапханалар тарихы және олардың әлеуметтік қызметі: Ежелгі кітапханалар. Оқырмандардың сұранысына және мақсатына қарай кітапханалардың типтері. Көпшілік (бұқаралық) кітапханалар. Кітапханаларды орталықтандыру жүйесі. Орталықтандырылған аудандық кітапханалар (ОАК). Кітапханалар – бөлімшелер. Халықаралық кітапханалық Ассоциациялар Федерациясы және ИФЛА мекемесінің қызметі.

Кітапхана пайдаланушыларына қызмет көрсету: Ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету формалары. Кітапхана абонементі. Абонементтің түрлері. Кітапхананың оқу залы. Оқу залының түрлері. Виртуалды (электронды) кітапханалық қызмет көрсету. Кітапханааралық абонемент

(КАА). Халықаралық кітапханааралық абонемент (ХКАА). Кітапханада пайдаланушылардың қызығушылығын зерттеу: Оқырман формулярымен жұмыс. Кітапхана пайдаланушыларына жекелей қызмет көрсету: Кітапханаларда оқырмандарға жекелей қызмет көрсету. Кітапхананың көпшілік жұмысы: Көпшілік жұмыстардың түрлері. Кітапханадағы көрнекі ақпарат. Кітап көрмесі, оларға қойылатын талаптар. Кітапханалық кеш және оның түрлері. Оқырман конференцияларының түрлері. Кітап беташары және кітаптарды талқылау, олардың әдебиеттерді насихаттаудағы орны. Ерекше оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету.

Кітапхана жұмысын ұйымдастыру: Жоспарлаудың түрлері және оларды құрастырудың ерекшеліктері. Жоспар – есеп. Есепке алудың түрлері. Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйелер (АКАЖ).

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1-1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанова Б.С. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы: оқу құралы.– Алматы: Қыздар университеті, 2014.
2. Әли Е.Ж., Мукашева Ш.Б., Нурпеисова М.Ш., Тиерменова А.А. Кітапханатану: оқу құралы / - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019.
3. Нұржанова Г.И., Нұрахметова К.Г. Кітапханатану: оқу құралы-Алматы: Қыздар университеті, 2013.
- 4.Справочник библиотекаря / науч. ред. Ванеев А. Н. – 4-е изд., перераб. и доп.- СПб.: Профессия, 2010.
5. Кітапханашы анықтамалығы. 1-ші бөлім.- Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2015.-177 б.
6. Кітапханашы анықтамалығы. 2-ші бөлім.-Алматы, 2016.
7. Мукашева Ш., Шагиева Б., Нурпеисова М., Байманова Б. Библиография: оқу құралы / - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019.
8. Кадралиева Г., Керимбаева Ж., Тиерменова А., Шынғалиева С. Кітаптану және кітап тарихы: оқу құралы / - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019.